**Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларына ірі трансұлттық компанияларды тарту мәселелері бойынша олармен келіссөздер жүргізу жөнінде және серпінді жобаларды іске асыру үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 21 қарашадағы N 350-ө Өкімі

Трансұлттық компаниялармен (бұдан әрі - ТҰК) оларды Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларына тарту мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Бишімбаев Қуандық Уәлиханұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, жетекші

Нұрашев Тимур Бекболатұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестиция комитетінің төрағасы, жетекшінің орынбасары

Арынов Асқар Арынұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция комитетінің инвестициялық қызметті реттеу басқармасы бастығының міндетін атқарушы, хатшы

Бөкішева Рыскүл Мәріпбекқызы - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті төрағасының орынбасары

Құдайберген Алмас Шайықбекұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция комитеті төрағасының орынбасары

Нәрігеев Бекболат Қойжанұлы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Қатынас жолдары комитеті төрағасының орынбасары

Ташенев Бақытбек Хакімұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары

Оспанов Берік Серікұлы - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Аграрлық және стратегиялық даму департаментінің директоры

Қалыбеков Бекжан Жантөреұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Инвестициялық саясат және жоспарлау департаменті директорының орынбасары

Төлеушин Қаныш Аманбайұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Индустриялық-инновациялық саясат департаменті инновациялық саясат басқармасының бастығы

Бегежанов Эрлан Бақытұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ұйымдар және көп жақты ынтымақтастық департаменті халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдар бөлімінің бастығы

Сәлімбаев Данияр Жақұлы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік саясаты және халықаралық ынтымақтастық департаменті талдау және бағдарламалар басқармасының бастығы

Манатаев Ерлан Ерғалиұлы - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамының басқарушы директоры (келісім бойынша)

Сәлімбаева Қалия Рифатқызы - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы Инвестициялар жөніндегі департаментінің директоры (келісім бойынша)

Қазғанбаев Элдар Шәмілұлы - "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы Жобаларды

үйлестіру департаментінің директоры
(келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2007-2008 жылдары ТҰК-пен Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларына оларды тарту мәселелері бойынша және серпінді жобаларды іске асыру үшін келіссөздер жүргізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК